Бөлшектерге шолу және атаулары	19
Су таңдау	20
Жұмысқа дайындық	20
Жұмыс тәртібі	21
Буландыру бойынша ұсынымдар	23
Жұмысты аяқтау	24
Тазалу және күтім	24
Пайдалану саласы	25
Сақтау және тасымалдау	25
Кәдеге жарату бойынша талаптар	26
Егер Сізде мәселе туындаса	26
Бүмен жібіткішпен жұмыс ітеген кезде сақтық шаралары	27
Электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар	28
Техникалық сипаттамалары	30
Сертификаттау туралы ақпарат	30
Кепілді міндеттемелер	31

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық POLARIS шағын бұмен жібіткіштің, үлгісі **PGS 1480C** (бұдан әрі мәтін бойынша – бұмен жібіткіш аспап) техникалық деректерімен, құрылымымен, пайдалану және сақтау ережелерімен танысуға арналған.

ЖИЫНТЫҚТАМА



БӨЛШЕКТЕРГЕ ШОЛУ ЖӘНЕ АТАУЛАРЫ



Ескертпе ретінде!

Нақты бұйымның сыртқы көрінісі, дизайны мен түсі иллюстрациялардағы фотолардан ерекшеленуі мүмкін. Суреттер анықтамалық ақпарат ретінде берілген.

СУ ТАҢДАУ

Тазартылған немесе алдын ала сүзілген суды пайдалану ұсынылады.

Кермектігі жоғары сүзілмеген суды пайдалану аспаптың қызмет ету мерзімін қысқартады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Суға басқа қоспаларды (мысалы, крахмал, парфюмерлік сұйықтықтар, жуғыш заттар) қоспаңыз.

Бұландырғышта жойылмайтын қақтың немесе басқа түзілімдердің артық мөлшерінің пайда болуы өндіруші кепілдігінің әрекет етуіне жатпайды.

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

- Бүкіл қаптау материалды алып тастаңыз.
- Бүмен жібіткіштің корпусын міл дымқыл матамен сүртіңіз, содан кейін құрғатып сүртіп алыңыз.
- Аспапты алғашқы рет пайдаланар алдында, жұмыс беті жеткілікті таза екендігіне көз жеткізу үшін, ең алдымен матаның сынамалық кесіндісін булап көріңіз.
- Бүмен жібіткіштің ішкі бөліктері майланған, сондықтан алғашқы рет іске қосқанда сәл түтеуі мүмкін. Пайдалануды бастағаннан кейін біраз уақыт өткен соң бұл тоқтайды.



Назар аударыңыз! Жаңа бүмен жібіткіштің резервуарында судың болымсыз мөлшері болуы мүмкін. Бұл Сіздің бүмен жібіткішіңіз өндірушімен қосымша тексерілген дегенді білдіреді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Алмалы-салмалы су ыдысындағы қақпақты мықтап жабуды ұмытпаңыз. Бұл аспапты пайдалану кезінде судың ағуын болдырмауға көмектеседі.

ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

- Резервуарды төмен қарай тартып, суға арналған резервуарды бұмен жібіткіш корпусынан ажыратыңыз.
- Құятын тесіктің қақпағын ашыңыз.
- Резервуарды таза сүзілген сумен толтырыңыз ("Суды таңдау" бөлімін қараңыз) және қақпағын тығыз жабыңыз (корпустағы су тамшыларын құрғақ шүберекпен сүртіңіз).
- Суға арналған резервуарды аспаптың корпусына жалғастырыңыз.
- Буландырғышты желілік баусымның көмегімен электр желісіне қосыңыз.
- ҚОСУ/ӨШІРУ ауыстырып қосқышын жоғарғы "ҚОСУ" күйіне ауыстырыңыз.
- Қосқан кезде қыздыруды қосу индикаторы аспап қызғанша бірнеше секунд бойы ақ түспен жанады.
- Қыздыруды қосудың жарық индикаторы өшкен кезде, аспап жұмысқа дайын болады.
- Бу беру үшін бу беру түймесін басыңыз және басып ұстаңыз. **БУДЫҢ ШЫҒУЫН ТЕКСЕРУ ҮШІН ҚОЛЫҢЫЗДЫ ҚОЙМАҢЫЗ!** Бұл қауіпті және күйікке әкелуі мүмкін!
- Бу беруді тоқтау үшін бу беру түймесін босатыңыз.
- Аспапты өшіру үшін ауыстырып қосқышты "ӨШІРУ" төменгі жағдайына ауыстырыңыз, содан кейін аспапты желіден ажыратыңыз.
- Жұмыс кезінде буландырғыш корпусы қызады, оны ескеріңіз, буландырғышты нәзік, қызғуға төзімді емес беттерге орналастырғанда.




Назар аударыңыз! Будың алғашқы қосылуы, құрамында су тамшылары болуы мүмкін. Бу беру түймесін басып, бу ағынын бірнеше секундқа жағына бағыттаңыз.



Ескертпе! Аспапты киімді жылдам буландыру және киімге табиғи түрін беру үшін пайдалануға болады. Қатпарлары терең киімдерді булау үшін үтікті қосымша пайдалануды ұсынамыз.




1
Суға арналған резервуарды төмен қарай тартып, корпуста ажыратыңыз



2
Қақпақты ашыңыз, резервуарды суға толтырыңыз және қақпақты тығыздап жабыңыз



3
Суға арналған резервуарды аспаптың корпусына жалғастырыңыз




4
Желіге қосыңыз. ҚОСУ/ӨШІРУ ауыстырып қосқышын жоғарғы "ҚОСУ" күйіне ауыстырыңыз



5
Индикатор жанып тұр - ҚЫЗДЫРУ
Индикатор сөнді – аспап жұмысқа дайын



6
Бу беру үшін бу беру түймесін басыңыз және басып ұстаңыз



7
Бу беруді тоқтау үшін бу беру түймесін босатыңыз.



Бірінші шығарылымды – бір жаққа бағыттаңыз, өйткені онда су тамшылары болуы мүмкін

БУЛАНДЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

- Буландырғышты мата бойымен жоғарыдан төмен қарай баяулап жылжытыңыз. Матаны бос қолыңызбен жазып отырыңыз.
- Түймелері бар жейделерді үтіктеу үшін, матаны жазу үшін, жоғары түймені түймелеңіз. Буландырғышты тігінен жағаның бойымен жылжытыңыз.
- Жеңдерді буландырғында иықтардан бастаңыз және буландырғышты төмен қарай жылжытыңыз. Бос қолмен жеңдерді төмен қарай диагональ бойынша керіңіз.
- Жейдедегі қалталарды жазғанда бумен жібіткішті жоғары қарай жылжытыңыз.



Ескертпе! Ұзақ буландыру кезінде киімде кішігірім дымқыл дақтар пайда болуы мүмкін.

Киімдер буланғаннан кейін будың әсерінен ылғал болуы мүмкін.



Буланғаннан кейін киім салқындап, кебуі керек, бұл үшін біраз уақыт қажет болуы мүмкін.




Назар аударыңыз! Шығатын будың температурасы жоғары болады, бу берілген кезде бумен жібітілетін матаның астына қол төсемеңіз. Матаны төмен қарай тартып, жазыңыз.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Буландырғышты ешқашан адамдарға немесе үй жануарларына бағыттамаңыз!




Буландырғышты мата бойымен жоғарыдан төмен қарай баяу жылжытыңыз




Заттарды теріс жағынан бумен жібіту




Жейделерді жазу үшін жоғарғы түймені түймелеңіз




Бумен жібіткішті ешқашан адамға бағыттамаңыз




Жеңдерді буландырғында иықтардан бастаңыз және буландырғышты төмен қарай жылжытыңыз



Қалталарды жаза отырып, бумен жібіткішті жоғарыға жылжытыңыз



Бу берілген кезде буландыратын матаның астына қолдарыңызды төсемеңіз



Сақ болыңыз! Шығатын бу жоғары температураға ие!

МАТАНЫ ТАЗАЛАУ ҮШІН АЛМАЛЫ-САЛМАЛЫ САПТАМАНЫ ПАЙДАЛАНУ


Тазалауға арналған алмалы-салмалы саптама будың қалың және ауыр маталарға енуін жақсартады және киімдегі бүршіктерді және басқа да ұсақ ластарды одан әрі кетіреді, қатпарларды тегістеуді жеңілдетеді.

Бұмен жұмыс істеу үшін саптаманы пайдалану:

- Қондырманы орнатар немесе шешіп алдар алдында құрылғыны желіден ажыратыңыз және оның суығанын күтіңіз.
- Саптамада екі түрлі жұмыс беті бар. Қажетті бетті таңдап, оны буландырғыш шүмегіне орнатыңыз.
- Бұл үшін алдымен, саптаманы жоғарғы шығыңқыға орнатыңыз, содан кейін саптаманы тікелей буландырғыш саптамасына тірелгенше жылжытыңыз. Артық күш салмаңыз! Аспаптан саптаманы алу үшін саптаманы шүмектің жанынан төменнен (бүйірінен) ұстап, аспап корпусынан тартады.




Назар аударыңыз! Буландырғыштың үзіліссіз жұмыс істеу уақыты 15-20 минуттан аспауы тиіс.



Саптама-щетки буландырғыш шүмегіне орнатыңыз



Бу беру түймесін ұстап тұрып, саптаманы мата бойымен жүргізіңіз



Саптаманы орнатар немесе шешіп алар алдында суығанын күтіңіз



Аспаптың үздіксіз жұмыс істеу уақыты 15-20 минуттан аспауы керек!



Ескертпе ретінде!

Осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген суреттерде тек қана жалпы, сызбалы кескіндер пайдаланылған.

ЖҰМЫСТЫ АЯҚТАУ

- Бу беруді тоқтау үшін бу беру түймесін босатыңыз.
- Су резервуарын ажыратып, су аспаптың ішінде қалып қоймас үшін бу беру түймесін тағы да шамамен 2-3 сек басу қажет. Бұл әрекеттер аспабыңыздың жұмысын ұзартуы мүмкін.
- Аспапты өшіру үшін тұтқаның артқы жағында орналасқан ҚОСУ/ӨШІРУ ауыстырып қосқышын төменгі ӨШІРУ күйіне ауыстырыңыз.
- Желілік баудың айырын розеткадан шығарып, буландырғышты салқындатыңыз.
- Резервуардағы судың қалдықтарын төгіп, біршама кептіріңіз.



ТАЗАЛУ ЖӘНЕ КҮТІМ

- Тазалау алдында ҚОСУ/ӨШІРУ ауыстырып қосқышын ӨШІРУ қалпына келтіріңіз, аспапты желіден ажыратыңыз және салқындатыңыз.
- Содан кейін суға арналған резервуарды алып тастап, қалған суды төгіп тастаңыз.
- Тазалаған кезде еріткіштерді немесе қажақтарды пайдаланбаңыз.
- Буландырғыштың бетін және бу шығатын тесіктері бар бетті жұмсақ ылғал матамен сүртіңіз, содан кейін құрғатып сүртіп алыңыз.
- Қондырманы бұмен жібіткіштен алдын ала шешіп алып, оны су ағысының астында жуып-шайыңыз.
- **Ешбір жағдайда буландырғыш корпусын, желілік баусымын немесе желілік баусым айырын суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.**
- Аспапты салқын, құрғақ жерде сақтаңыз.



ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Аспап осы нұсқаулыққа сәйкес тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған.
- Аспап өнеркәсіптік және коммерциялық пайдалану үшін және үй-жайлардан тыс пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші осы нұсқаулықта дұрыс емес немесе көзделмеген пайдалану нәтижесінде туындаған залал үшін жауап бермейді.
- Буландырғышты маталардың кез келген типтері үшін және киімдегі бүкпелерді жазу үшін арналған.
- Егер Сіз матаның немесе киімнің белгілі бір типі үшін буландырғышты пайдалану жөнінде күмәнданатын болсаңыз, бұйымдағы заттаңбаның деректерін басшылыққа алыңыз. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, матаны ішкі жағынан бумен жібітіп көріңіз.

САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ

Сақтау



- Буландырғышты сақтауға әр орналастырар алдында төкпе тесік арқылы суға арналған резервуардан суды ағызу қажет.
 - Буландырғышты құрғақ, салқын үй-жайда сақтаңыз.
- Электр аспаптар қоршаған ауаның температурасы плюс 40°C-ден аспайтын, салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспайтын және қоршаған ортада электр аспаптар материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқылды және басқа да булар болмайтын жабық құрғақ және таза үй-жайда сақталады.

Тасымалдау



Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда, зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы керек.

Өз аспабыңызды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы аспаппен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Ескертпе: Электр аспаптың пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.



Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.

ЕГЕР СІЗДЕ МӘСЕЛЕ ТУЫНДАСА



Егер қандай болса да болымсыз мәселе туындайтын болса, әдетте оның пайда болуының себебі табылғанда, ол оңай шешілуі мүмкін.

АҚАУЛЫҚ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕР	ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ
Бұмен жібіткіш бу шығармайды	- Бұмен жібіткіш қажетті температураға дейін қызбаған. - Бу беру түймесі толық басылмаған. - Резервуардағы судың деңгейі төмен. - Суға арналған резервуар дұрыс орнатылмаған.	- Жұмысты бастар алдында бұмен жібіткішке шамамен 30 секунд ішінде қызуға мүкіндік беріңіз. - Бу беру түймесін тығыздап басыңыз. - Буландырғышты желіден ажыратыңыз және суға арналған резервуарды толтырыңыз. - Суға арналған резервуарды тиісті түрде орнатыңыз.
Бұмен жібіткіштің шүмегінен су тамшылап тұр	- Суға арналған резервуар дұрыс орнатылмаған. - Буландырғыш қажетті температураға дейін қызбаған	- Резервуарды тағы бір рет орнатыңыз. - Қызуын күтіңіз.
Буландырғышта жұмыс істеп тұрған сорғының дыбысы естіледі/түтқасы дірілдейді	Су бұмен жібіткіштің шүмегіне әрі қарай бұға түрлендірілуі үшін сорылады.	Сораптың күшейген дыбысы резервуарда су біткені туралы хабарлайды. Резервуарды суға толтырыңыз.
Буландырғыш қызбайды	Қате қосылуы.	Желілік айыр электр розеткаға кіргізілгеніне, ал розетка ақаусыз екендігіне көз жеткізіңіз.



Өз аспабыңызды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы аспаппен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.

Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

БУЛАНДЫРҒЫШПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Буландырғышты ұшайыр арқылы басқа электр аспаптармен бірге қосуға тыйым салынады.
- Электр тоғымен зақымдануға жол бермеу үшін, баусымды, штепсельдік айырды, аспапты суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Буландырғышты тазалар алдында немесе резервуарға су құяр немесе одан суды төгер алдында, сонымен қатар Сіз құрылғыны пайдаланбасаңыз ылғи желіден ажыратып қойыңыз.
- Желіге қосылған буландырғышты қадағалаусыз қалдырмаңыз. Сіз үй-жайдан шыққаныңызда, тіпті, үй-жайды өте қысқа мерзімге шығатын болсаңыз, буландырғышты желіден ажыратыңыз.
- Балаларды буландырғышқа жақындатпаңыз, өйткені будың теріге түсуі қатты күйік тудыруы мүмкін.
- Күйік алуға жол бермеу үшін, буландырғышты қолыңызда бу беру түймесі деңгейінде ұстаңыз, өйткені буландырғыштің жоғарғы бөлігі жұмыс істеген кезде қызады.
- Будың шығуына арналған тесіктерді жаппаңыз және оларға бөгде заттарды салмаңыз
- **Адамға кигізілген киімді ешқашан буландырмаңыз.**
- Буландырғышты жұмыс істеп тұрған плитаның немесе электрмен қыздырылатын басқа аспаптардың жанында пайдаланбаңыз.
- Тек қана жиынтыққа кіретін саптамаларды пайдаланыңыз.
- **Аспапты сусыз іске қоспаңыз. Құрылғыны резервуарда су біткеннен кейін бірден сөндіріңіз.**
- Буландырғышты адамдарға, жануарларға, өсімдіктерге, сонымен қатар жиһазға, электр аспаптарға, кітаптар мен ыстық бұмен зақымдануы мүмкін болатын кез келген заттарға бағаттамаңыз.
- Желілік баусымның ыстық заттармен немесе үтік табанымен жанасуына жол бермеңіз
- Буландырғышты тазалау, сақтау немесе суға арналған резервуарды толтырған кезде электр желісінен ажыратып отырыңыз.
- Ақаулы буландырғышты пайдаланбаңыз. Бұзылған жағдайда жөндеуді жүргізу үшін уәкілетті сервистік орталыққа жүгініңіз.
- Біліксіз жөндеу жазатайым оқиғаның немесе пайдаланушының зақымдануының себебіне айналуы мүмкін.
- Суға арналған резервуарға сіркесу немесе қаққа қарсы құралдарды құймаңыз. Резервуарға тек қана таза, тұрмыстық сүзгілермен қосымша тазартудан өткен суды құйыңыз (қажеттілік болғанда). Газдалған суды немесе парфюмерлік қоспаларды пайдаланбаңыз.



Назар аударыңыз! Аспапты қаптар алдында оған толық салқындауына уақыт беріңіз.

ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспапты пайдалану «Тұтынушылардың электр қондырғыларды техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аспап тек тұрмыста ғана пайдалануға арналған. Аспапты коммерциялық мақсатта ұзақ уақыт пайдалану оның шамадан тыс жүктелуіне әкелуі мүмкін, соның нәтижесінде ол зақымдануы мүмкін немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.
- Аспап нұсқаулыққа сәйкес мақсаты бойынша ғана пайдаланылуы тиіс.
- Егер Сіз аспаптың жұмыс істеу қабілетіне сенімді болмасаңыз, оны пайдаланбаңыз.
- Аспапты іске қосар әр кезде оны қарап тексеріп шығыңыз. Аспапта немесе желілік баусымда зақымдану бар болғанда аспапты ешбір жағдайда розеткаға қоспаңыз.
- Аспапты жылжытқан соң, көрсеткіштері жарақсыз болса, оны пайдаланбау керек. Пайдаланар алдында аспапты білікті маман тексеруі тиіс.
- Осы аспап физикалық, жүйкелік немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы аспапты пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- Аспапты қараусыз қалдырмаңыз. Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Назар аударыңыз!



Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз. Аспап суға құлаған жағдайда оны дереу желіден ажыратыңыз. Бұл ретте қолдарыңызды ешқашан суға салмаңыз. Аспапты қайта пайдаланар алдында, оны білікті маман тексеруі керек.

- Аспапты үй-жайлардан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тура күн сәулелерінен, үшкір бұрыштарға соғылуынан, ылғалдан (ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз) сақтаңыз. Аспапқа дымқыл қолыңызды тигізбеңіз. Аспапқа су тиген кезде, оны бірден желіден өшіріңіз.
- Аспапта көрсетілген кернеу желі кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Аспапты тек айнымалы ток көзіне (~) қосыңыз. Қосар алдында желінің параметрлері аспап сипаттамасында берілгендерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Аспап тек қана жерге тұйықталуы бар желіге қосылуы мүмкін. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерге қосу белгіленген электр стандарттарына сәйкес келуі керек. Стандартты емес қуат көздерін немесе қосылым құрылғыларын пайдаланбаңыз. Ұзартқыш сымды пайдаланған кезде оның жерге қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.

- Пайдалану аяқталғаннан кейін, айлабұйымдарды орнату немесе шешу, тазалау немесе аспап сынған кезінде оны үнемі желіден ажыратыңыз.
- Жазатайым оқиғаларға немесе аспаптың бұзылуына әкелуі мүмкін болатын желінің артық жүктелуіне жол бермеңіз. Бұл үшін дәл сол электрлік розеткаға жалғастырғыш тетікті пайдалана отырып, басқа аспаптарды қоспаңыз. Ұзартқышты пайдаланар алдында ол бұзылмағанына көз жеткізіңіз.
- Аспапты желілік сымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сонымен қатар аспапты желіден, оның желілік сымынан ұстап, сөндіруге тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда оның штепсельдік айырынан ұстаңыз.
- Электр тогынан соққы алуға жол бермеу үшін аспапты қосқанда немесе сөндіргенде желілік баусым айырының металл бөліктеріне қол тигізбеңіз.
- Пайдаланғаннан кейін электр қорек баусымын ешқашан аспапты айналдыра орамаңыз, өйткені уақыт өте бұл сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау кезінде сымды әрдайым тегіс етіп түзетіңіз.
- Сымды ауыстыруды тек білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері жүзеге асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа берілетін кепілдіктің сақталуы үшін және техникалық мәселелерге жол бермеу үшін, аспапты өз бетінше бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.
- Аспапты жылжытқан соң, көрсеткіштері жарақсыз болса, оны пайдаланбау керек. Пайдаланар алдында аспапты білікті маман тексеруі тиіс.



Назар аударыңыз! Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жаратуға арналған мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осы арқылы қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.




Назар аударыңыз! Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда, POLARIS авторланған сервистік орталығына хабарласыңыз.



Буладырғышты адамдарға, жануарларға, өсімдіктерге, жиһазға және басқаларға бағыттамаңыз



Балаларды бұмен жібіткішке жақын жібермеңіз



Желілік баусымынан ұстап аспапты тасымалдауға болмайды



Ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PGS 1480C - POLARIS сауда маркасының электрлік тұрмыстық буландырғышы
Кернеуі: 220 – 240 В
Жиілігі: ~50 Гц
Қуаты: 1200-1400 Вт
Қорғау сыныбы – I.

Ескертпе: Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2017 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз



Бұйымның қызмет көрсету мерзімі:	3 жыл
Бұйымға берілетін кепілдік мерзім:	3 жыл сатып алған күннен бастап
Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген	
Өткізу ережелері белгіленбеген.	

Дайындаушы:

NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED,
No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC
at factory NINGBO HAOJIA ELECTRICAL APPLIANCE CO., LTD
No.58 Jiyixiang Road, Langxia Street, Yuyao City, Ningbo City, Zhejiang Province, China

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД,
№ 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Цыси, Чжэцзян Провинциясы, ҚХР
НИНБО ХАОДЖИА ЭЛЕКТРИКАЛ АППЛАЙАНСЕ КО., ЛТД зауытында
№.58 Джиисян Роуд, Лансья көшесі, Юяо Сити, Нинбо, Чжэцзян провинциясы, Қытай

Қытайда өндірілген.

Импорттаушы және өндірушінің РФ-ғы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі Уәкілетті өкілі:

"ЭйджиАй Электроникс" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат, I-үй-жай, 13-бөлме.

Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефоны 8-800-700-11-78

Authorized representative of the manufacturer in EU:

JSC "HTV1", Švitrigailos g. 11 A, Vilnius, LT-03228

КЕПІЛДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Ықшам буландырғыш

Модель: PGS 1480C

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 36 ай бойы әрекет етеді және Кеден Одағына мүше мемлекеттердің «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңына сәйкес бұйымға кепілді қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемелері «POLARIS» сауда белгісімен шығарылатын және кепілдік қызмет көрсету ұсынылатын елдерде өндіруші уәкілетті еткен елдерде сатып алынған барлық модельдерге таралады (сатып алу орнына тәуелсіз).
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуі;
 - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша пайдаланбаудан тұратын дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы қағидаларының талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдалану;
 - Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан әк шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділері.
 - Бұйымды өзі тағайындалмаған мақсаттарда пайдалану;
 - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі бетінің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуі;
 - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуы;
 - Авторландырылған сервистік орталықтар* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуі;
 - Уәкілетті сервистік орталықтар болып табылмайтын адамдар немесе ұйымдар жүргізген бұйымды жөндеу*;
4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы болмаса немесе ондағы деректер өшірілген немесе түзетілген болса, өндірушіге кепілдікті міндеттеме жүктелмейді.
5. Бұл кепілдік тек жеке тұрмыстық қажеттіліктерге арналған бұйымдарға жарамды және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттарға пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз! Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS авторландырылған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

*Компанияның сайтындағы авторландырылған сервистік орталықтарының мекенжайлары: www.polaris.ru

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген

